## "Білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету Қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 17 тамыздағы № 351 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 18 тамызда № 21102 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2022 жылғы 29 қарашадағы № 164 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 29.11.2022 № 164 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету Қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі* *А. Аймагамбетов*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 17 тамызы
№ 351 бұйрығымен бекітілген

**"Білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы "Білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және бастауыш білім беруді, негізгі орта білім беруді, жалпы орта білім беруді, техникалық және кәсіптік білім беруді біліктіктер бойынша, орта білімнен кейінгі білім беруді біліктіліктер бойынша, әскери, арнаулы оқу орындары үшін мамандықтар топтары бойынша, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді кадрлар даярлау, діни білім беру бағыттары бойынша ұсынатын заңды тұлғалардың білім беру қызметімен айналысуына лицензияны тәртібін белгілейді (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы).

2. "Білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін ( бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің аумақтық департаменттері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – Комитет) кадрлар даярлау, діни білім беру бағыттары бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы қызметті лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензиар болып табылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім беру саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің аумақтық департаменттері (бұдан әрі – Департаменттер) бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім

беру, біліктілік бойынша техникалық және кәсіптік білім беру, мамандықтар топтары бойынша әскери, арнайы оқу орындары, біліктілік бойынша орта білімнен кейінгі білім беру, арнайы оқу орындары үшін білім беру саласындағы қызметті лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензиарлар болып табылады.

**2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкіметтің" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы өтінішті, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты) 8-тармағында көрсетілген құжаттарды жолдайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі мемлекеттік қызметін көрсету стандартында көрсетілген.

Порталда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтінішті (сұранысты) қабылдау туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

5. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттар түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және жауапты құрылымдық бөлімшеге орындауға береді. Көрсетілетін қызметті алушы еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, медициналық қызметке лицензия туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құрылымдық бөлімшенің қызметкері көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол көрсетілетін қызметті

берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" жіберіледі.

6. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда лицензияны және/немесе оған қосымшаны беру, лицензияны және/немесе оған қосымшаны қайта ресімдеу кезінде заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде:

1) Комитетте:

жауапты қызметкер 22 жұмыс күні ішінде құжаттардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11716 болып тіркелген) (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сәйкестігін тексереді, оның ішінде көрсетілетін қызметті алушыға бару мүмкіндігімен сараптама қорытындысын қалыптастырады және оны білім беру қызметін лицензиялау жөніндегі комиссияның (бұдан әрі - Комиссия) қарауына ұсынады. Комиссия туралы ереже мен құрамы Комитет төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

Комиссия сараптама қорытындысын қарап, екі жұмыс күні ішінде шешім қабылдайды.

Комиссияның шешімі негізінде жауапты қызметкері екі жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің басшысына келісуге және тексеруге жіберілетін электрондық шешімді – лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты қалыптастырады, ол көрсетілетін қызметті берушінің басшысына келісуге және тексеруге жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы шешімді тексереді және бір жұмыс күні ішінде ЭЦҚ пайдалана отырып қол қояды.

2) Департаменттерде:

жауапты қызметкер құжаттарды тіркеген сәттен бастап 22 жұмыс күні ішінде құжаттардың біліктілік талаптарына сәйкестігін, оның ішінде көрсетілетін қызметті алушыға бару мүмкіндігімен тексереді, сараптама қорытындысын қалыптастырады және оны комиссияның қарауына ұсынады. Комиссия туралы ереже мен құрамы Департамент директорының бұйрығымен бекітіледі.

Комиссия сараптама қорытындысын қарап, екі жұмыс күні ішінде шешім қабылдайды.

Комиссияның шешімі негізінде жауапты қызметкері екі жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің басшысына келісуге және тексеруге жіберілетін электрондық шешімді – лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны не

мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты қалыптастырады, ол көрсетілетін қызметті берушінің басшысына келісуге және тексеруге жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы шешімді тексереді және бір жұмыс күні ішінде ЭЦҚ пайдалана отырып қол қояды.

7. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

8. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша:

1) жеке тұлға-лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өзгерген;

2) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның атауы немесе заңды мекенжайы өзгерген;

3) заңды тұлға-лицензиат "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес қайта ұйымдастырылған;

4) заңды тұлға-лицензиаттың атауы және (немесе) орналасқан жері өзгерген ( лицензияда мекенжайы көрсетілген жағдайда);

5) егер нақты лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-қосымшасында көзделген жағдайларда, лицензиат үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығарған;

6) "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгерген;

7) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда қайта ресімделуге жатады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 4) және 6) тармақшаларының күші дара кәсіпкер-лицензиаттың заңды мекенжайының, заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жері мекенжайының, "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе объектілер көрсетіле отырып, лицензияға қосымшалар үшін объектісінің орналасқан жері мекенжайының өзгеруі "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес елді мекендер атауының, көше аттарының өзгеруіне байланысты болған жағдайларға қолданылмайды.

Лицензиаттар мен лицензия объектісі мекенжайларының бұлай өзгеруі мемлекеттік ақпараттық жүйелерді интеграциялау арқылы жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы лицензияны және/немесе оған қосымшаны қайта ресімдеуге өтініш берген жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің қызметкері құжаттарды тіркеген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде құжаттардың қайта ресімдеу талаптары мен негіздеріне сәйкестігін қарайды.

Тексеру қорытындысы бойынша көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің қызметкері екі жұмыс күні ішінде лицензияны қайта ресімдейді не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды дайындайды, оған көрсетілетін қызметті берушінің басшысы ЭЦҚ пайдалана отырып қол қояды және көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" жіберіледі.

9. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы " 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

**3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне ) ағымдану тәртібі**

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Заңның 25-бабының 2-тармағының сәйкес тікелей мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

11. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді

"Білім беру қызметімен<br>айналысуға лицензия беру"<br>мемлекеттік қызметін<br>көрсету қағидаларына<br>1-қосымша

## "Білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету стандарты

| | | |
|---|---|---|
| 1. | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің аумақтық департаменттері |
| 2. | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері | "электрондық үкіметтің" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) |
| 3. | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері | лицензияны және/немесе оған қосымшаны беру – 30 жұмыс күнінен кешіктірмей;<br>лицензияны және/немесе оған қосымшаны қайта ресімдеу – үш жұмыс күнінен кешіктірмей;<br>заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару, бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және/немесе оған қосымшаны қайта ресімдеу – 30 жұмыс күнінен кешіктірмей. |
| 4. | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Электрондық (толық автоматтандырылған). |
| 5. | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | лицензия және/немесе лицензияға қосымша, қайта ресімделген лицензия және / немесе оған қосымша не осы мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.<br>Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында " жеке кабинетке" жіберіледі.<br>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық. |
| | | Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі – |

| | | |
|---|---|---|
| | | көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде және тегін көрсетіледі.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 554-бабына сәйкес бюджетке жекелеген қызмет түрімен айналысу құқығына лицензиялық алым төленеді:<br>1) лицензияны беру кезінде төленетін лицензиялық алым 10 ( Он) айлық есептік көрсеткішті ( бұдан әрі – АЕК) құрайды;<br>2) лицензияны қайта ресімдеу кезінде лицензиялық алым – төлеу күніне белгіленген 1 (бір) АЕК.<br>Лицензиялық алым төлеу қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар немесе "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.<br>Лицензияға қосымшаны, берілген лицензияда және/немесе лицензияға қосымшада қателер табылған және тиісті түзетулер енгізілген жағдайларда лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны берген кезде мемлекеттік қызмет көрсетілгені үшін ақы алынбайды. |
| 6. | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | |
| | | 1) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); |

| | | |
|---|---|---|
| 7. | Жұмыс кестесі | 2) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің: www.edu.gov.kz, control.edu.gov.kz ;<br>порталдың: www.egov.kz, www.elicense.kz интернет-ресурстарында орналастырылған. |
| | | 1) лицензия алу үшін:<br>көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуы;<br>жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын мәліметтер;<br>2) іске асырылатын білім беру оқу бағдарламаларына байланысты қосымша мынадай құжаттар ұсынылады:<br>бастауыш білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін:<br>осы мемлекеттік қызмет көрсету стандартына 1, 3, 4, 5, 6-қосымшаларға сәйкес мәліметтер нысандары;<br>"Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | тіркелген) (бұдан әрі - № 604 бұйрық) бекітілген бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарларының электрондық көшірмелері;<br>білім алушыларға медициналық қызмет көрсетуге денсаулық сақтау ұйымымен жасалған шарттың электрондық көшірмесі ( бар болған жағдайда);<br>білім алушыларды тамақтандырумен қамтамасыз ету шартының элнетрондық көшірмесі (бар болған жағдайда);<br>ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығын растайтын құжаттардың немесе ғимаратты жалдау шартының электрондық көшірмелері, санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының/актінің электрондық көшірмесі, өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікті тексеру нәтижелері туралы актінің электронық көшірмелері;<br>негізгі орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін:<br>осы мемлекеттік қызмет көрсету стандартына 1, 3, 4, 5, 6-қосымшаларға сәйкес мәліметтер нысандары;<br>№ 604 бұйрықпен бекітілген негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарларының электрондық көшірмелері;<br>білім алушыларға медициналық қызмет көрсетуге денсаулық сақтау ұйымымен жасалған шарттың электрондық көшірмесі ( бар болған жағдайда) ( |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | қылмыстық-атқару ( пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды); білім алушыларды тамақтандырумен қамтамасыз ету шартының электрондық көшірмесі (бар болған жағдайда) ( қылмыстық-атқару ( пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды); ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығын растайтын құжаттардың немесе ғимаратты жалдау шартының электрондық көшірмелері, санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының/актінің электрондық көшірмесі, өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікті тексеру нәтижелері туралы актінің электрондық көшірмесі; жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін: осы мемлекеттік қызмет көрсету стандартына 1, 3, 4, 5, 6-қосымшаларға сәйкес мәліметтер нысандары; № 604 бұйрықпен бекітілген жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарларының электрондық көшірмелері; білім алушыларға медициналық қызмет көрсетуге денсаулық сақтау ұйымымен жасалған шарттың электрондық көшірмесі ( бар болған жағдайда) ( қылмыстық-атқару ( пенитенциарлық) жүйесі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды);<br>білім алушыларды тамақтандырумен қамтамасыз ету шартының электрондық көшірмесі (бар болған жағдайда) ( қылмыстық-атқару ( пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды);<br>ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығын растайтын құжаттардың немесе ғимаратты жалдау шартының электрондық көшірмелері, санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының/актінің электрондық көшірмесі, өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікті тексеру нәтижелері туралы актінің электрондық көшірмесі;<br>техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін:<br>осы мемлекеттік қызмет көрсету стандартына 1, 2, 3, 4, 5, 6, 8, 10-қосымшаларға сәйкес мәліметтер нысандары;<br>№ 604 бұйрықпен және (немесе) " Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарттар мен үлгілік кәсіптік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2015 жылғы 31 шілдедегі № 647 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12007 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 647 бұйрық) бекітілген техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 595 бұйрық) бекітілген үлгілік оқу жоспарына (бар болса), салалық біліктілік шеңберіне, кәсіптік стандартқа (бар болса), білім беру ұйымының жұмыс берушілермен келісілген тиісті мамандықтың "Педагог" кәсіби стандартына сәйкес оқытудың толық кезеңіне әзірленген қазақ және орыс тілдерінде дайындалатын мамандықтар бойынша оқу жұмыс жоспарының электрондық көшірмелері ( қылмыстық-атқару ( пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарында адамдарды оқыту үшін және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды оқыту үшін қолданылмайды);<br>толық оқу кезеңіне әзірленген қазақ және орыс тілдеріндегі мамандық бойынша білім беру бағдарламасының электрондық көшірмесі және діни қызмет саласындағы уәкілетті органның қорытынды хатының электрондық көшірмесі (қылмыстық-атқару ( пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарында адамдарды оқыту үшін және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды оқыту үшін қолданылмайды);<br>жұмысқа орналасқан түлектердің жұмыс орнынан растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі;<br>діни қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның оқу әдебиеті қорының дінтану сараптамасының оң қорытындысының электрондық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | көшірмесі (рухани білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін);<br>ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері, санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының/актінің электрондық көшірмесі, өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікті тексеру нәтижелері туралы актінің электрондық көшірмесі (қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды);<br>жатақхананың және/немесе хостелдің және/немесе қонақүйдің болуын растайтын толық оқу кезеңіне жеке не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығында тиесілі студенттерді орналастыруға арналған құжаттардың электрондық көшірмелері;<br>жоғары оқу орындарымен бұйрықтардың және меморандумдардың электрондық көшірмелері (Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындары үшін);<br>кәсіптік практикадан өтудің толық кезеңін қамтитын даярланатын мамандық біліктілігіне сәйкес практика базасы ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттардың электрондық көшірмелері (қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды);<br>жұмысқа орналасқан түлектердің жұмыс орнынан растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;<br>орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін:<br>осы мемлекеттік қызмет көрсету стандартына 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10 -қосымшаларға сәйкес мәліметтер нысандары;<br>№ 604 бұйрықпен және (немесе) № 647 бұйрықпен бекітілген техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, № 595 бұйрықпен бекітілген үлгілік оқу жоспарына (бар болған жағдайда), салалық біліктілік шеңберіне, кәсіптік стандартқа (бар болған жағдайда), білім беру ұйымының жұмыс берушілермен келісілген, " Педагог" кәсіби стандартына сәйкес оқудың толық кезеңіне әзірленген, даярланатын мамандық біліктілігі бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі оқу жұмыс жоспарының электрондық көшірмелері (қылмыстық-атқару ( пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің жанында орналастырылған білім беру ұйымдарында адамдарды оқыту үшін және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды оқыту үшін бағдарламаларға қолданылмайды);<br>толық оқу кезеңіне әзірленген мамандық бойынша қазақ және орыс тілдерінде білім беру бағдарламасының электрондық көшірмелері және діни қызмет саласындағы уәкілетті органның қорытынды хатының электрондық көшірмесі (қылмыстық-атқару ( пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің жанынан орналасқан білім беру ұйымдарында адамдарды оқыту үшін және ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды оқыту үшін қолданылмайды);<br>жұмысқа орналасқан түлектердің жұмыс орнынан растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;<br>діни қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның оқу әдебиеті қорының дінтану | |

| | | |
|---|---|---|
| | | сараптамасының оң қорытындысының электрондық көшірмесі;<br>ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері, санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының/актінің электрондық көшірмесі, өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікті тексеру нәтижелері туралы актінің электрондық көшірмесі (қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды);<br>жатақхананың және/немесе хостелдің және/немесе қонақүйдің болуын растайтын толық оқу кезеңіне жеке немесе шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығында тиесілі студенттерді орналастыруға арналған құжаттардың электрондық көшірмелері;<br>кәсіптік практикадан өтудің толық кезеңін қамтитын даярланатын мамандық біліктілігіне сәйкес практика базасы ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттардың электрондық көшірмелері (қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды);<br>жұмысқа орналастырылған түлектердің жұмыс орнынан растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі (лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алған кезде білім беру ұйымдарына қолданылмайды);<br>діни білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін:<br>осы мемлекеттік қызмет көрсету стандартына 1, 2, 3, 4, 5, 6, 8- |

| | | |
|---|---|---|
| 8. | Көрсетілетін қызметті алушы порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі | қосымшаларға сәйкес мәліметтер нысандары;<br>білім беру ұйымының басшысы бекіткен білім беру бағдарламаларының электрондық көшірмелері;<br>діни қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның оқу әдебиеті қорына дінтану сараптамасының оң қорытындысының электрондық көшірмесі;<br>ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;<br>мәлімделген діни білім беру бағдарламаларына діни қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның қорытынды хатының электрондық көшірмесі;<br>жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін:<br>осы мемлекеттік қызмет көрсету стандартына 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 11-қосымшаларға сәйкес мәліметтер нысандары;<br>№ 604 бұйрықпен және (немесе) № 647 бұйрықпен бекітілген жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес оқытудың толық кезеңіне әзірленген сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша білім беру саласындағы уәкілетті органның білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген білім беру бағдарламасының қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық көшірмелері;<br>ғимаратты (оқу корпустарын) және клиникаларды шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері, санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының электрондық көшірмесі, өрт қауіпсіздігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
